

**Маңғыстау облысының ауылдық жеріне және Жаңаөзен қаласына, аудандық маңызы бар қаласына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы шешім жобасына**

**ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

№ п/п	Түсіндірме жазбада көрсетілуге тиіс мәліметтердің тізбесі	Әзірлеуші мемлекеттік органның ақпараты
1	Жобаны әзірлеуші мемлекеттік орган	Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы
2	Тиісті нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Үкімет пен Кеңсе басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдаудың негіздемесі және/немесе оны қабылдау қажеттілігінің басқа да негіздемесі	Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 12-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес
3	Жоба бойынша қаржылық шығындардың қажеттілігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есептеулер, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі)	Маңғыстау облыстық мәслихатының 2022 жылғы 9 желтоқсандағы № 16/175 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешімі
4	Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдарлар	-
5	Нақты мақсаттар, күтілетін нәтижелердің мерзімі	-
6	Жобада қаралатын мәселелер бойынша бұрын қабылданған актілері және	-

	олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер	
7	Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізудің талап етілетінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы	Талап етілмейді
8	Реттеушілік әсерге талдау жүргізу нәтижелері туралы ақпарат (ол бар болса)	Өткізілмеген
9	Жобаның Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі	Талап етілмейді
10	Басқа ұйымдарда қосымша сараптама (құқықтық, лингвистикалық, экономикалық, экологиялық, қаржы және басқа да) жүргізілген жағдайда, оның нәтижелері	Өткізілмеген
11	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы мен Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2011 жылғы 20 мамырдағы № 25-1-32қпү/22П-қпү бірлескен бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі" ақпараттық жүйесінде беруге рұқсат етілген қызметтік ақпарат тізбесіне сәйкес мемлекеттік құпия және (немесе) қызметтік ақпарат қамтылған жобаларды қоспағанда, жобаларды және оларға материалдарды Үкімет мүшелерінің мобильдік құрылғыларына "Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі" ақпараттық жүйесі арқылы беру мүмкіндігі	Талап етілмейді
12	Жобаны мемлекеттік органның интернет-ресурсында (веб-сайтта, интернет-порталда, сондай-ақ ашық	Интернет-ресурста 15.02.2023 ж., Ашық НҚА порталында 15.02.2023 ж.

	нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы ақпарат (күні, байт саны)	жарияланды
13.	Тауарларды сатуға, көрсетілетін қызметтерге немесе зияткерлік меншік құқықтарына қатысты жобаны, сондай-ақ әлеуметтік мәні бар қаулының жобасына баспасөз релизін орналастыру туралы ақпарат уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады	Талап етілмейді
14.	Халықаралық шартты ратификациялау қажеттілігі туралы ақпарат	Талап етілмейді

**Маңғыстау облысының  
денсаулық сақтау  
басқармасының басшысы**



**А. Жумиров**

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 жыл